

"Қорғаныс министрлігінің қайтыс болған зейнеткерін жерлеуге арналған біржолғы төлемді және оның отбасы мүшелеріне берілетін біржолғы жәрдемақыны тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 18 тамыздағы № 680 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2026 жылғы 2 маусымдағы № 580 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 4 маусымда № 38900 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қорғаныс министрлігінің қайтыс болған зейнеткерін жерлеуге арналған біржолғы төлемді және оның отбасы мүшелеріне берілетін біржолғы жәрдемақыны тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 18 тамыздағы № 680 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29203 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** .";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қорғаныс министрлігінің қайтыс болған зейнеткерін жерлеуге арналған біржолғы төлемді және оның отбасы мүшелеріне берілетін біржолғы жәрдемақыны тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтінішті қабылдау "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері немесе уақытша болатын жері бойынша тіркеу туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Сұранымды өңдеу Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің автоматтандырылған жұмылдыру ресурстары жүйесінің интеграциялық шлюзінде (бұдан әрі – ҚМ ИШ) 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Жерлеуге арналған біржолғы төлем және біржолғы жәрдемақы тағайындалған жағдайда Қағидаларға 3, 3-1, 3-2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" хабарлама жіберіледі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 3-1-қосымшамен толықтырылсын;

осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес 3-2-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Зейнетақымен қамсыздандыру орталығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің зейнетақымен қамсыздандыру мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық мүдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

5. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың алтыншы, сегізінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші және он сегізінші

абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

Д. Косанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2026 жылғы 2 маусымдағы
№ 580 бұйрығына
1 қосымша
"Қорғаныс министрлігінің қайтыс болған зейнеткерін жерлеуге арналған біржолғы төлемді және оның отбасы мүшелеріне берілетін біржолғы жәрдемақыны тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына
1-қосымша

"Қорғаныс министрлігінің қайтыс болған зейнеткерін жерлеуге арналған біржолғы төлемді және оның отбасы мүшелеріне берілетін біржолғы жәрдемақыны тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	"Қорғаныс министрлігінің қайтыс болған зейнеткерін жерлеуге арналған біржолғы төлемді және оның отбасы мүшелеріне берілетін біржолғы жәрдемақыны тағайындау"
2.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Зейнетақымен қамсыздандыру орталығы
3.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса)	Жоқ

4.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) ұсыну тәсілдері	www.egov.kz. "цифрлық үкімет" веб-порталы
5.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	2 (екі) жұмыс күні ішінде
6.	Мемлекеттік қызмет және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған)
7.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Порталда Қорғаныс министрлігінің қайтыс болған зейнеткерін жерлеуге арналған біржолғы төлемді және оның отбасы мүшелеріне берілетін біржолғы жәрдемақыны тағайындау туралы не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.
8.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда оны алу тәсілдері	Тегін
9.	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және акпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті берушіде: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұмаға дейінгіні қоса алғанда, сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін. 2) порталда: жөндеу жұмысына байланысты техникалық үзілісті қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасағанда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және қызмет көрсету

		нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
10.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі	Жерлеуге біржолғы төлемді тағайындау үшін отбасы мүшелері не жерлеген адам осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш және мынадай құжаттар береді: 1) қайтыс болғаны туралы куәлік немесе хабарлама; 2) банктік шоттың нөмірі туралы мәлімет Біржолғы жәрдемақыны тағайындау үшін отбасы мүшелері (көрсетілетін қызметті алушының өкілі) қосымша мынадай құжаттарды ұсынады: 3) 18-ден 23 жасқа дейінгі балалардың күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушы болып табылатыны туралы оқу орнынан мәлімет. Егер балалар таяу және алыс шет елдерде күндізгі оқу нысанының білім алушысы болып табылатын жағдайда, оқу орны мөрінің аудармасын қоса алғанда, нотариат куәландырған аудармасы бар анықтамасы (егер құжат толық шет тілінде болса) ұсынылады. Осы тармақта көрсетілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліне аудармасын куәландыруды Қазақстан Республикасының аумағындағы нотариус немесе құжат берілген елдегі Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің органдары жүзеге асырады; 4) қайтыс болған адаммен туыстық қатынасын куәландыратын құжат (туу, неке қию, әке болуды (ана болуды) белгілеу, қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы куәлік); 5) сенімхаттың электрондық көшірмесі (көрсетілетін қызметті алушының өкілі). Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың, баланың (балалардың) туу туралы куәлігінің (

		куәліктерінің) мәліметін немесе туу туралы актілік жазбадан үзіндіні, неке қию туралы куәлікті, балаға қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленгенін растайтын құжатты немесе туу туралы актілік жазбадан баланы асырап алу туралы мәліметті, тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын мәліметті, электрондық өтініште көрсетілген банктік шоттың нөмірі туралы мәліметті, қайтыс болғаны туралы куәлікті немесе хабарламаны көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден алады. Мемлекеттік қызмет көрсету шеңберінде көрсетілген құжаттар бойынша мемлекеттік цифрлық жүйеде мәлімет болмағанда көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған тиісті құжаттардың электрондық көшірмесін ұсынады.
11.	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін негіздер	Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады: 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ұсынылған материалдың, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себебін жойғанда көрсетілетін қызметті алушы осы тізбеде белгіленген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қайта өтініш жасайды.

12.	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті көрсету ерекшелігі ескерілген өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының қашықтан қолжетімділік режимінде көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, Бірыңғай байланыс орталығы 1414 , 8 800 080 77 77 арқылы мемлекеттік қызметті көрсету белгісі туралы ақпаратты алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған телефон арқылы алуға болады.
-----	---	--

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2026 жылғы " __ " _____
№ _____ бұйрығына
2 қосымша
"Қорғаныс министрлігінің
қайтыс болған зейнеткерін
жерлеуге арналған біржолғы
төлемді және оның отбасы
мүшелеріне берілетін
біржолғы жәрдемақыны
тағайындау" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
3-қосымша
Нысан

№ _____ "Тіркеу нөмірі" _____ "Өтініш берілген күні"

Жерлеуге біржолғы төлемді және біржолғы жәрдемақыны тағайындау туралы хабарлама

Құрметті _____

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса))

Сізге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемін алушының _____

_____ қайтыс болуына байланысты

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)) жерлеуге біржолғы төлем және біржолғы жәрдемақы тағайындалды.

Төлем 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылатын болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: _____

"Көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә. (бар болса)".

Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің цифрлық жүйесінен берілді.

Осы құжат Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі 62-бабының 2-тармағына сәйкес қол қойылған қағаздағы құжатпен бірдей.

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрінің

2026 жылғы " __ " _____

№ _____ бұйрығына

3 қосымша

"Қорғаныс министрлігінің
қайтыс болған зейнеткерін
жерлеуге арналған біржолғы
төлемді және оның отбасы
мүшелеріне берілетін біржолғы
жәрдемақыны тағайындау"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына
3-1-қосымша
Нысан

№ _____ "Тіркеу нөмірі" _____ "Өтініш берілген күні"

Жерлеуге біржолғы төлемді тағайындау туралы хабарлама

Құрметті _____

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса))

Сізге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемін алушының

_____ қайтыс болуына
байланысты

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) жерлеуге біржолғы төлем тағайындалды.

Төлем 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылатын болады.

Сонымен қатар, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы"
Қазақстан Республикасының Заңы 51-бабының 6-тармағына сәйкес төлем алуға құқығы
бар адамдарға біржолғы жәрдемақы төленуге тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: _____

"Көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә. (бар болса)".

Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің цифрлық жүйесінен берілді.

Осы құжат Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі 62-бабының 2-тармағына сәйкес қол қойылған қағаздағы құжатпен бірдей.

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрінің

2026 жылғы " __ " _____

№ _____ бұйрығына

4 қосымша

"Қорғаныс министрлігінің
қайтыс болған зейнеткерін
жерлеуге арналған біржолғы
төлемді және оның отбасы
мүшелеріне берілетін біржолғы
жәрдемақыны тағайындау"
мемлекеттік қызметін
көрсету қағидаларына
3-2-қосымша
Нысан

№ _____ "Тіркеу нөмірі" _____ "Өтініш берілген күні"

Біржолғы жәрдемақыны тағайындау туралы хабарлама

Құрметті _____

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса))

Сізге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемін алушының

_____ қайтыс болуына
байланысты

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)) біржолғы жәрдемақы тағайындалды.

Төлем 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылатын болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: _____

"Көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә. (бар болса)".

Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің цифрлық жүйесінен
берілді.

Осы құжат Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі 62-бабының 2-тармағына
сәйкес қол қойылған қағаздағы құжатпен бірдей.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2026 жылғы "___" _____
№ _____ бұйрығына
5 қосымша
"Қорғаныс министрлігінің
қайтыс болған зейнеткерін
жерлеуге арналған біржолғы
төлемді және оның отбасы
мүшелеріне берілетін біржолғы
жәрдемақыны тағайындау"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қайтыс болған зейнеткерінің отбасы
мүшелеріне _____ (бас тарту жүзеге
асырылған қызмет көрсетіледі: жерлеу немесе берілетін жәрдемақы) тағайындау бойынша
мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама**

Құрметті _____

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса))

Сіздің Қорғаныс министрлігінің бағыты бойынша еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемін алушыны жерлеуге біржолғы төлемді және қайтыс болған алушының отбасы мүшелеріне біржолғы жәрдемақыны тағайындау бойынша _____ жылғы _____ № _____ өтінішіңізге бас тартылғаны туралы хабарлаймыз.

Бас тарту себебі: _____

(қандай негіз (негіздер) бойынша "Қорғаныс министрлігінің қайтыс болған зейнеткерін жерлеуге арналған біржолғы төлемді және оның отбасы мүшелеріне берілетін біржолғы жәрдемақыны тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 11-тармағына сәйкес қызметті көрсетуден бас тартылатыны көрсетіледі)

Жауап берілген күні: _____

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: _____

"Көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә. (бар болса)".

Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің цифрлық жүйесінен берілді.

Осы құжат Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі 62-бабының 2-тармағына сәйкес қол қойылған қағазд